



Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудың ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 қыркүйек N 1232

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы Z000131_

Заңын іске асыру

мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудың ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 25 қыркүйектегі
N 1232 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындаудың ережесі

Осы Ереже "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 22 желтоқсандағы Z000131_ Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. 44 "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау" республикалық бюджеттік бағдарлама (бұдан әрі - Бағдарлама) бойынша төлемдерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындар қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған сомалар шегінде таратылатын кәсіпорындардың (конкурстық басқарушылардың) ағымдағы шоттарына, ал 44-бағдарламада көзделген таратылған кәсіпорындардың қызметкерлеріне келтірілген зиянды өтеу есебіне сомалар төлеу туралы сот шешімі болған кезде - алушылардың жеке шоттарына есептеу жолымен өтеу есебінен үкім шығарылған сомалар жатады.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Бағдарламаның әкімшісі болып табылады.

2. Төлеудің тәртібі

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындардың тарату комиссиялары (конкурстық басқарушылары) Министрлікке конкурстық өндіріс барысында таратылатын заңды тұлға мүлкінің болмауы немесе жетіспеушілігі себепті қанағаттандырылмаған, сот (кредиторлар комитеті) бекіткен бірінші кезектегі кредиторлар талаптарының тізілімін береді (1-қосымша).

4. Министрлік алынған бірінші кезектегі кредиторлар талаптары тізілімінің негізінде ашылған қаржыландыру лимиттеріне сәйкес тарату комиссияларының (конкурстық басқарушылардың) ағымдағы шоттарына ақшалай қаражат аударуды жүргізеді.

5. Тарату комиссиялары (конкурстық басқарушылар) министрліктен келіп түскен

ақшалай қаражатты бір апта мерзімде алушылардың қалауы бойынша екінші деңгейдегі банктерде ашылған, олардың жеке шоттарына аударады.

6. Сот шешімі болған кезде Министрлік ақшалай қаражатты алушылардың

жеке шоттарына аударады.

3. Есептілік

7. Тарату комиссиялары (конкурстық басқарушылар) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күні, Министрлікке Бағдарлама бойынша қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп береді (2-қосымша).

8. Министрлік есепті алғаннан кейін бір апта мерзімде Бағдарламаға сәйкес қаражаттың пайдаланылуы туралы жиынтық есеп жасайды (3-қосымша).

4. Жауаптылық

9. Жаңсақ және қасақана жалған мәліметтер бергені үшін тарату комиссиялары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

1-қосымша

_____СОТТЫҢ
СОТТЫҢ АТАУЫ

200__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____
N__ ҰЙҒАРЫМЫМЕН
"БЕКІТІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____
N__ қаулысына сәйкес таратылатын _____

(кәсіпорынның атауы)

мүлігінің болмауынан немесе жеткіліксіздігінен қанағаттандырылмаған
бірінші кезектегі кредиторлар талаптарының тізілімі

Р/с Тегі Аты Әкесінің Туған жылы Жеке Тұрғы. Конкурстық
N аты _____ басын лықты өндіріс
Күні айы жылы куәланды. жері процесінде
ратын қанағаттан.
құжаттың дырылмаған
деректері сома теңге.
мен жүргізі.
леді

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Барлығы

Жиыны _____ теңге
(сомасы жазумен)

Конкурстық басқарушы (Т.А.Ә., қолы)

Бас бухгалтер М.О. (Т.А.Ә., қолы)

2-қосымша

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау" бағдарламасы бойынша қаражатты пайдалану туралы есеп

2001 жылғы _____ тоқсан үшін

Қаланың, Кәсіпорын. Жыл басында Төленді Есептік кезең.
облыстың ның атауы төленуге нің аяғында

атауы

жатады

төленбегені

Есептік
тоқсан
үшін

Жыл басы.
нан бері

Адам Сомасы Адам Сомасы Адам Сомасы Адам Сомасы
саны теңге саны теңге саны теңге саны теңге

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Барлығы

Жиыны _____ теңге төленді
(сомасы жазумен)

Конкурстық басқарушы (Т.А.Ә., қолы)

Бас бухгалтер (Т.А.Ә., қолы)

3-қосымша

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері бойынша таратылатын кәсіпорындар қызметкерлерінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеттемелерді орындау" бағдарламасы бойынша қаражатты пайдалану туралы жиынтық есеп

2001 жылғы _____ тоқсан үшін

Кәсіпор. Жыл басында Төленді Есептік кезеңнің
ынның төленуге аяғында төленбеген
атауы жатады _____
Есептік тоқсан Жыл басынан

үшін бері

Адам Сомасы. Адам Сомасы Адам Сомасы Адам Сомасы
саны мың саны теңге саны теңге саны теңге
теңге

1 2 3 4 5 6 7 8 9

Барлығы

Төленген соманың жиыны _____ мың теңге
(санмен)

(сомасы жазумен)

Республикалық бюджеттік бағдарламалар
әкімшісінің басшысы _____

(Т.А.Ә., қолы)

Қаржы бөлімшесінің
басшысы _____

(Т.А.Ә., қолы)

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК